

Ескелді аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы "Ескелді ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" № 59 -324 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 қазандағы № 8-38 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 16 қарашада № 4012 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2018 жылғы 26 қыркүйектегі № 38-236 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 26.09.2018 № 38-236 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 97-бабының 2-тармағына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығына сәйкес, Ескелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ескелді аудандық мәслихатының 2015 жылғы 9 желтоқсандағы "Ескелді ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" № 59-324 шешіміне (2016 жылдың 13 қаңтарында нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3675 енгізілген, 2016 жылдың 16 ақпанында "Жетісу шұғыласы" газетінде № 8 жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 бөлімінің 1 тармағының 5 тармақшасы келесі жаңа редакцияда баяндалсын:
"мемлекеттік корпорация – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы." .

2. "Ескелді ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысына (келісім бойынша Е. Тұрсынбаев) осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және

мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ескелді аудандық мәслихаттың "Халықты әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет саласы және жастар ісі жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескелді аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы

Ескелді аудандық

мәслихаттың хатшысы

Ә. Тайжанов

Қ. Алпысбаев